



**WRX** |



## Сапарларыңызға драйвтан қосыңыз

Қуаты, маневрлілігі мен басқару кезіндегі жағымды әсері артып, жарыс трегінде сынақтардан өткен Subaru кез келген сапарыңызға құмарлық сезімін қосады. Күнделікті жайлы немесе спорттық жүргізу болсын, WRX сіздің шытырман оқиғаларға құштарлығыңызды алаулатуға дайын. Ал жүксалғышының үлкен көлемінің және бес орындық салонының арқасында әрдайым өзіңізге қажеттінің бәрін алып жүре аласыз.





## Ырғағыңызға сай бейімделеді

Subaru Performance Transmission\*1 вариаторы WRX-ты өзіңіз қалағандай басқаруға мүмкіндік бере отырып, берілістерді лезде әрі сезімтал қосу арқылы нақ әрі болжамды жүрісті қамтамасыз етеді. Амортизаторлардың\*2 қаттылығын электрондық басқару функциясымен жабдықталған жетілдірілген аспа жүйесі қуатты жоғалтпастан максималды жайлылықты қамтамасыз етеді, соның арқасында айрықша жорту әсерін барынша азайтып, басқару мүмкіндігі мен тұрақтылықты қамтамасыз етеді.



### Алдыңғы<sup>3</sup> және артқы ауа қармауыштар

Толықтай функционалды ауа қармауыштар автокөліктің тұрақтылығы мен аэродинамикалық сипаттамаларын жақсартады.

### Газ шығаратын түтіктердің қосарланған ұштықтары<sup>3</sup>

Шуыл деңгейін төмендетуге бағытталған жаңғыртудың арқасында бәсеңдеткіштер шыққан газдың жайлы дыбысын қамтамасыз етеді және автокөлікке спорттық келбет береді.

\*1 VTD-AWD және ауыстырып қосылатын берілістердің спорт режимі бар Sport Lineartronic. МБҚ бар модельдер үшін ұсынылмайды.  
\*2 Опция түрінде.  
\*3 Тек WRX модельдері үшін.

## Әсерлі көлік жүргізу

Жанармайды тікелей бүркі жүйесі бар 2,4 литрлік турбиналы қозғалтқышпен жабдықталған Subaru WRX көлік жүргізуден ұмытылмас сезімдер сыйлайды және тамаша басқарымдылығын көрсетеді. Айналысу сәтінің үлкен диапазоны күнделікті жайлы сапарлардан бастап нағыз спорттық жүргізуге дейін айрықша динамиканы қамтамасыз етеді. Өз WRX-іңіздің қуатын үрлем қысымы датчигінің көмегімен бағалауға болады, ал жақсартылған электрлі күшейткіш кез келген бұрылыстан жайлы өтуге мүмкіндік беріп, рульмен басқарудың қайтымдылығы мен дәлдігін жоғарылатады.




### СК дисплейі бар спорттық аспаптар тақтасы

Автокөліктің спорттық сипаттамалары 4,2 дюймдік СК дисплейде көрсетіледі. Оны қажетті ақпарат үнемі тікелей көз алдыңызда болатындай етіп баптаңыз.



### Екі поршеньді электрлі күшейткіші бар рульмен басқару механизмі

Спорттық мінезді және ширықпай жүргізуге арналған басқарудың жоғары сапасын үйлестіреді.





## Шексіз ләззат

Салонға үңіліп, әсем спорттық орындықтарды және былғарымен қапталған рульді бағалаңыз. Мұнда спорттық мәнерде жүргізу үшін, барлық жолаушылар үшін жайлы әрі ыңғайлы болу үшін керектің бәрі бар.



### Былғарымен қапталған қызыл тігісі бар D пішінді руль

Қызыл тігіспен стильді екпін жасалған D тәрізді руль керемет басқару және бақылау мүмкіндігін қамтамасыз етеді.



### 11,6 дюймдік орталық дисплей

Үлкен 11,6 дюймдік сенсорлы дисплей аудиожүйе интуитивті түсінікті әрі смартфондағыдай басқару тәсілін және басқа да пайдалы функцияларды қамтамасыз етеді, сондай-ақ Apple CarPlay<sup>1</sup> және Android Auto<sup>2</sup> сияқты ақпараттық және ойын-сауық қызметтерінің кең спектрін қолдайды.

<sup>1</sup> Apple CarPlay – АҚШ-та және басқа да елдерде тіркелген Apple Inc. компаниясының сауда белгісі.

<sup>2</sup> Android және Android Auto – Google Inc. сауда белгілері.

Apple CarPlay және/немесе Android Auto кейбір модельдер мен аймақтарда бірдей қолжетімді болмауы мүмкін.

Толығырақ ақпарат алу үшін жергілікті авторландырылған Subaru дилеріне хабарласыңыз. Жүргізуші келікті қауіпсіз және мұқият жүргізуге әрдайым жауапты болады. Қозғалыс барысында сенсорлы экранды пайдаланудан бас тартыңыз.

## Аңызға айналған басқарымдылық

WRX кең жүксалғыш бөлімі күнделікті сапарлардан экстремалды шытырман оқиғаларға дейін белсенді өмір салтын бағалайтындардың бәріне сай келеді. Жүксалғыш көлемі балалар арбаларын немесе гольфқа арналған сөмкелерді салуға жеткілікті, оның өлшемдері (VDA: 423 л) алдыңғы модельдікімен бірдей, бірінші кезекте күнделікті пайдалану ыңғайлылығы тұратын седанның қолайлылығын сақтап қалған.



### Орындықтар 60:40 пропорциясында жиналады

Бұл күнделікті қолданудан бастап белсенді демалысқа дейін қолайлылықты қамтамасыз етіп, жүксалғыш бөлімін қалауыңыз бойынша үлкейтуге мүмкіндік береді.





1  
2

## SUBARU НЕГІЗГІ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ

### Іштегі сенімді технологиялар

Subaru іске асырған технологияларының арқасында әр автокөлік сапардан ләззат және әр жолаушыға тыныштық сыйлайтын жоғары пайдалану сипаттамаларымен, жайлылықпен және сенімділікпен ерекшеленеді.

#### 1 Симметриялы толық жетек (AWD)

Қозғалтқыштың қуатын әр дөңгелекке беру арқылы симметриялы Subaru толық жетегі сулы әрі тайғақ жолда ілінісу сипаттамаларын жақсартады. Негізгі компоненттердің бойлай орналасуының арқасында бұл жүйе жоғары тұрақтылық пен қауіпсіздікті қамтамасыз ететін төмен ауырлық ортасы бар жақсы теңгерілген конструкциямен ерекшеленеді.

#### 2 SUBARU BOXER қозғалтқышы


Subaru компаниясы осымен 50 жылдан астам уақыт бойы өз автокөліктерін SUBARU BOXER қозғалтқыштарымен жабдықтап келеді, бұл қозғалтқыштың басқа типті күш агрегаттарының алдындағы артықшылықтары көп. 2,4 литрлік турбиналы, отынды тікелей бүрку жүйесі бар WRX қозғалтқышының поршеньдері көлденең бағытта бір біріне қарсы бағытта қозғалады, осының арқасында конструкцияның беріктігі мен сенімділігі қамтамасыз етіледі, сондай-ақ қозғалыс барысында айрықша тұрақтылыққа және дірілдің минималды болуына кепілдік беріледі.

#### 3 Subaru жаһандық платформасы (SGP)

SGP автокөлікке тамаша спорттық мәнерде басқару мүмкіндігін береді, жүргізу жайлылығы мен ләззатын сыйлайды, бұл қасиеттер Subaru-ға тән. Шанақ қаттылығы мен құрылым беріктігі толықтай ішкі рама деп аталатын оңтайландырылған конструкцияның арқасында жағымсыз дірілдер мен шуды азайту үшін жақсартылған.



3 4



5 6



7



#### 4 Subaru Performance Transmission вариаторы<sup>1</sup>

Кез келген автосүйерге сай келетін жүрістің нақ әрі болжамды болуына қажетті берілістердің тез әрі дәл қосылуы спорттық жүрісті қамтамасыз етеді. Үдеудің жақсартылған сипаттамалары, акселератор педалінің басылуына тиімді жауап қайтару, қажетсіз діріл мен шудың азайтылуы, сондай-ақ отынның жоғары үнемділігі жүргізуден алатын ләззатты арттырады.

#### 5 Екі поршеньді электрлі күшейткіші бар рульмен басқару механизмі

Спорттық мінезді және ширықпай жүргізуге арналған басқаруды жоғары сапасын үйлестіреді.

#### 6 Жүріс режимін таңдау<sup>2</sup>

Жалғыз отырып, спорттық мәнерде жүргізуден ләззат алғыңыз келе ме әлде отбасыңызбен бірге саяхатқа аттанғыңыз келе ме? WRX кез келген сапарды әсерлі етеді. Drive Mode Select<sup>2</sup> жүріс режимдерін таңдау жүйесі жүргізушіге алдын ала орнатылған төрт режимді (Comfort, Normal, Sport, Sport+) жүргізудің кез келген жағдайы үшін ұсынады. Өз параметрлеріңізді «Жеке» режимінде орнатуға болады.

#### 7 Аэродинамикалық дизайн

WRX-ті әзірлеген кезде инженерлер аэродинамикалық кедергіні азайтуға және қозғалыс барысындағы тұрақтылықтың жоғарғы сипаттамаларын қамтамасыз етуге ерекше көңіл бөлді. Шанақтың үстіңгі және астыңғы бөліктерінің конструкциясының жаңғыртылуы анағұрлым жайлы жүрісті қамтамасыз етіп, жоғары жылдамдықтардағы турбуленттілікті төмендетеді.

<sup>1</sup> VTD-AWD және ауыстырып қосылатын берілістердің спорт режимі бар Sport Lineartronic. МБҚ бар модельдер үшін ұсынылмайды.

<sup>2</sup> Опция түрінде.

## Subaru жан-жақты қауіпсіздігі

Subaru үшін қауіпсіздік ең бірінші орында. Дәл сондықтан компания 50 жылдан астам уақыт бойы озық қауіпсіздік жүйелерін жетілдіріп, тұрақты түрде тексерістен өткізіп келеді. Subaru соқтығысудан қорғау саласындағы ең соңғы үлгідегі шешімдерді және меншік әзірлемелерді пайдалана отырып, «адам өмірі басты орында» деген қағиданы ұстанатынын көрсетіп, жан-жақты қауіпсіздікті арттырады әрі ЖКО-сыз болашақты жақындатып келеді.

### Қауіпсіздікті қамтамасыз етуге арналған Subaru шешімдері

- Жолаушыларды қорғайтын конструкция.
- Автокөлікті автоматты түрде ұстап тұру функциясы (AVH)<sup>\*4</sup>.
- Бұрылыстарды динамикалық жарықтандыру жүйесі (SRH).
- Шалғай жарықты автоматты түрде басқару жүйесі (HBA)<sup>\*3, \*4</sup>.
- Қауіп-қатердің алдын алу
- Автоматты түрде құңгірттелу функциясы бар артқы көрініс айнасы<sup>\*3, \*4</sup>.
- Жақсартылған көрініс.
- Динамикалық тұрақтандыру жүйесі.
- Тарту векторын белсенді басқару жүйесі.
- Артқа жүру кезіндегі автоматты тежеу жүйесі (RAB)<sup>\*4</sup>.
- Rear Vehicle Detection (SRVD) қауіпсіздік жүйесінің кешені<sup>\*3, \*4</sup>.
- Сақинаға ұқсас пішінді күшейтілген қаңқа.
- Пассивті қауіпсіздік жүйесі (SRS)<sup>\*2</sup>.
- Қауіпсіздік жастықтары
- Жүргізушінің күйін бақылау жүйесі (DMS)<sup>\*3</sup>.

### БАСТАПҚЫ ҚАУІПСІЗДІК

Тамаша көру мүмкіндігі, оңтайлы жүргізу қалпы және түсінуге жеңіл басқару элементтері қозғалыс басталмай тұрып-ақ қауіпсіздікті көрсетеді.

### АКТИВТІ ҚАУІПСІЗДІК


Симметриялы толық жетек және SGP платформасы сияқты технологиялар жүру, бұрылыстардан өту және тежейтін кезде негізгі параметрлерді дәл бақылауды қамтамасыз етеді.

### ЕСКЕРТУШІ ҚАУІПСІЗДІК ЖҮЙЕСІ

EyeSight сияқты озық қауіпсіздік технологиялары<sup>\*1</sup>, соқтығысудың алдын алуға көмектеседі.

### ПАССИВТІ ҚАУІПСІЗДІК

Соқтығысу жағдайында пассивті қауіпсіздік шанақ конструкциясы, қозғалтқыштың орналасу қалпы және қауіпсіздік жастықтары арқылы қамтамасыз етіледі<sup>\*2</sup>.





Тек көрнекілік үшін. Нақты өлшем болып табылмайды.

## Subaru EyeSight жүргізушінің көмекші жүйесі<sup>\*1</sup>

EyeSight жүйесі<sup>\*1</sup> жүргізушіге руль басқарған кезде тыныштық пен сенімділік сыйлайды. Бағдарламалық құралдың суреттер мен басқаруды анықтауға арналған жаңартулары, сондай-ақ жетілдіру, соның ішінде стереокамераларды алдыңғы әйнекке орнату автокөлікті басқаратын кездегі қауіпсіздікті және көптеген шынайы жол жағдайларында қауіпсіздікті жоғарылатады.

### Subaru EyeSight жүйесінің ерекшеліктері

- Бейімделетін круиз-контроль.
- Қозғалыс жолағында ұстау жүйесі.
- Қозғалыс жолағында түзу жүйесі және алдағы автокөліктің қозғалысты бастағаны туралы ескерту жүйесі.
- Акселераторды апат алды басқару жүйесі.
- Апатқа алдындағы тежеу жүйесі<sup>\*5</sup>.
- Апаттық рульді басқаратын автономдық жүйе.
- Алдағы автокөліктің қозғалысты бастағаны туралы ескерту функциясы.
- Механикалық жылдамдық шектегіші.



Тек көрнекілік үшін. Нақты өлшем болып табылмайды.

<sup>\*1</sup> EyeSight - бұл жүргізушінің көмекші жүйесі, оның қызметі кейбір қозғалыс жағдайларында шектеулі болуы мүмкін. Жүргізуші көлікті қауіпсіз және мұқият жүргізуге, сондай-ақ жол қозғалысы ережелерін сақтауға әрдайым жауапты болады. Бұл жүйенің тиімділігі көптеген факторларға, соның ішінде автокөліктің техникалық жағдайы, ауа райы және жол жағдайына байланысты болады. EyeSight жүйесінің жұмысы және оның шектеулері туралы, соның ішінде осы брошюрада сипатталған функциялар туралы ақпаратты пайдалану нұсқаулығынан қараңыз.

<sup>\*2</sup> Қауіпсіздік белбеулерімен тиімді үйлеседі.  
<sup>\*3</sup> Жүргізуші көлікті қауіпсіз және мұқият жүргізуге, сондай-ақ жол қозғалысы ережелерін сақтауға әрдайым жауапты болады. Жүргізу қауіпсіздігі мәселесінде тек қауіпсіздікті қамтамасыз ету пакетінің функцияларына және/немесе жүргізушінің жағдайын бақылау жүйесіне ғана сенуге болмайды. Бұл жүйенің мүмкіндіктері шектеулі. Жүйе мен оның шектеулері туралы толық ақпарат пайдалану нұсқаулығында берілген. Толығырақ ақпаратты сатушыдан алуға болады.

<sup>\*4</sup> Опция түрінде.  
<sup>\*5</sup> Апат алды тежеу жүйесі кейбір жағдайда іске қосылмай қалуы мүмкін. Нысандардың жылдамдығының, биіктігінің айырмашылығына және басқа да жағдайларға байланысты, әр жағдайда EyeSight оңтайлы жұмысына қажетті шарттар сақталмауы мүмкін.


## ЖИНАҚТАМАЛАР

### WRX HIGH

ГАБАРИТТІК ӨЛШЕМДЕРІ .....	4670 x 1825 x 1465 мм (Ұ x Е x Б)
ҚОЗҒАЛТҚЫШ .....	Көлденең-опозитті, 4 цилиндрлі, турбо үрлемді, 16 клапанды, бензиндік ДОНС қозғалтқышы
ЖҰМЫС КӨЛЕМІ .....	2400 текше см
МАКСИМАЛДЫ ҚУАТЫ .....	202 кВт (275 а. к.) / 5600 айн/мин
МАКСИМАЛДЫ АЙНАЛДЫРУ СӘТІ .....	350 Н-м (35,7 кгс-м) / 2000-5200 айн/мин
ТРАНСМИССИЯ .....	6 сатылы МБҚ, толық жетек



Қызғылт сары седеп (Solar Orange Pearl)



### WRX HIGH EyeSight

ГАБАРИТТІК ӨЛШЕМДЕРІ .....	4670 x 1825 x 1465 мм (Ұ x Е x Б)
ҚОЗҒАЛТҚЫШ .....	Көлденең-опозитті, 4 цилиндрлі, турбо үрлемді, 16 клапанды, бензиндік ДОНС қозғалтқышы
ЖҰМЫС КӨЛЕМІ .....	2400 текше см
МАКСИМАЛДЫ ҚУАТЫ .....	202 кВт (275 а. к.) / 5600 айн/мин
МАКСИМАЛДЫ АЙНАЛДЫРУ СӘТІ .....	350 Н-м (35,7 кгс-м) / 2000-5200 айн/мин
ТРАНСМИССИЯ .....	сатысыз Sport Lineartronic (Subaru Performance Transmission*), толық жетек



Қара седеп (Crystal Black Silica)



### WRX HIGH / WRX HIGH EyeSight

ГАБАРИТТІК ӨЛШЕМДЕРІ .....	4670 x 1825 x 1465 мм (Ұ x Е x Б);
ҚОЗҒАЛТҚЫШ .....	Көлденең-опозитті, 4 цилиндрлі, турбо үрлемді, 16 клапанды, бензиндік ДОНС қозғалтқышы
ЖҰМЫС КӨЛЕМІ .....	2400 текше см
МАКСИМАЛДЫ ҚУАТЫ .....	202 кВт (275 а. к.) / 5600 айн/мин
МАКСИМАЛДЫ АЙНАЛДЫРУ СӘТІ .....	350 Н-м (35,7 кгс-м) / 2000-5200 айн/мин
ТРАНСМИССИЯ .....	6 сатылы МБҚ немесе сатысыз Sport Lineartronic (Subaru Performance Transmission*), толық жетек

Аспа жүйесі кез келген жол жабынында жайлылықтың жоғары деңгейін де, спорттық динамиканы да қамтамасыз ететіндей етіп бапталған.

\* VTD-AWD және ауыстырып қосылатын берілістердің спорт режимі бар Sport Lineartronic.



Көк седеп (WR Blue Pearl)



Керамикалық ақ (Ceramic White)



## ЭКСТЕРЬЕР МЕН ИНТЕРЬЕР БӨЛШЕКТЕРІ



### 1 Жарықдиодты фаралар

Бифункциялы фаралар аса көркем бола түсті және автокөліктің алдыңғы бөлігіне шымыр әрі сұсты түр беріп тұр. Бұрылыстарды динамикалық жарықтандыру жүйесі (SRH) бұрылыстардан өткен кездегі көру мүмкіндігін жақсартады, бұл тәуліктің қараңғы мезгілінде қозғалыс қауіпсіздігін жоғарылатады.

### 2 Артқы құрама шамдар

Үшкірленген және енді артқы шамдар артқы бөліктің тамаша көрінісін жасайды. Еркін жарық суреті автокөліктің қуатын айқындап, магмаға ұқсас жарық түсіреді.

### 3 18 дюймдік жеңіл қорытпалы дискілер

18 дюймдік жеңіл қорытпалы дискілер WRX-тің бүйірлік көрінісін сұсты етіп, автокөліктің спорттық әрі стильді келбетін жасап тұр.

### 4 Спорттық етек

Алты бұрышты ою түріндегі аэродинамикалық текстурасы бар спорттық етек қозғалыс барысында тұрақтылықты арттыру үшін ауа қармауышты қамтыған.


### 5 Кең жүксалғыш

Жүксалғыштың аса кең ойығы мен үш 9,5 дюймдік гольф сөмкесі сыйып кететін кеңістігі WRX-ті әртүрлі іске жарайтын қолайлы әрі таптырмас көлікке айналдырады.

### 6 Автокөліктің алдыңғы және артқы бөліктеріндегі USB-порттар

Алдыңғы орындықтардағы екі USB-порт және артқы желдету саңылауларының астында орналасқан зарядтайтын екі USB-порт\*1 барлық жолаушылар үшін салондағы жайлылық пен ыңғайлылықты қамтамасыз етеді.

## ШАНАҚ ТҮСІ



## ОРЫНДЫҚТАРДЫҢ МАТЕРИАЛЫ



Құрамдастырылған Ultrasuede®\*3

Mata

Баспа ерекшеліктеріне байланысты түстердің кестеде көрсетілген түстерден шамалы айырмашылығы болуы мүмкін. Оған қоса орындық тыстамаларының түстері мен нұсқалары нақты нарыққа байланысты өзгеше болуы мүмкін.


\*1 Тек WRX модельдері үшін.

\*2 Ignition Red қызыл түсі - бұл үш қабатты бояу. Ашық және жылтыр түріне базалық қызыл қабаттың үстінен қызыл түсті жоғары қанықтырылған қабатты жағу жолымен қол жеткізіледі.

\*3 Ultrasuede Toray Industries, Inc. компаниясының тіркелген сауда белгісі болып табылады.

## ГАБАРИТТІК ӨЛШЕМДЕРІ

### WRX



Өлшемдер SUBARU CORPORATION стандарттарына сәйкес өлшенеді.

Функциялардың, опциялардың немесе пакеттердің қолжетімділігі модельге және аймаққа байланысты. Сипаттамаларын салыстырып қараңыз. Толығырақ ақпарат алу үшін жергілікті авторландырылған Subaru дилеріне хабарласыңыз.

SUBARU CORPORATION хабарлаусыз техникалық сипаттамаларды және жинақтаманы өзгерту құқығын сақтап қалады. Техникалық сипаттамалар, жинақтама, түстердің қолжетімділігі және модельдік қатар жергілікті жағдайларға және талаптарға байланысты. Өз аймағыңызда талап етілуі мүмкін кез келген өзгерістер туралы ақпарат алу үшін жергілікті сатушыға хабарласыңыз.



| SUBARU CORPORATION

